

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс функцияларын атқаратын
жауапты тұлға тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 8-бап 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі тадау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесі және Бәйтерек ауданының білім беру бөлімінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №289 бұйрығымен негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжайы" МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын атқаратын жауапты тұлға болып, әдіскер Б.К.Галиеваға тағайындалсын.

2.«Бүлдіршін» бөбекжайы МКҚК сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатындағы іс-шараларды талдау үшін төмендегі құрамда топ құрылсын:

Меңгеруші: Гумарова А.А.

Әдіскер: Галиева Б.К.

Медбике: Дузбаева М.Т.

Педагог-психолог: Казиева Ж.М.

Тәрбиеші: Рахметова Л.Ж.

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет атқаратын жауапты тұлғаның функционалдық міндеттері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Негіздеме: Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №289 бұйрығы

Таныстырылды: Гумарова А.А.

Галиева Б.К.

Дузбаева М.Т.

Казиева Ж.М.

Рахметова Л.Ж.

Меңгеруші:

А.А.Гумарова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет атқаратын жауапты тұлғаның функционалдық міндеттері:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік әдеп құндылықтарындамыту;
- 7) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;
- 8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
- 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 12) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.
- 14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақталуын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету.